



THE CULTURAL AND PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS OF THE CONCEPT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT

^a**Zhazira BAISARINA** ✉, ^b**Karakat NAGYMZHANOVA**, ^b**Aigul SADYKOVA**

^a*Astana IT University, Astana, Kazakhstan*

^b*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

✉ zh.baisarina@astanait.edu.kz

Abstract. The purpose of this article is to explore the cultural and philosophical foundations of the concept of sustainable development. The research analyzes the philosophical meaning of the concept of sustainable development, discussing its cultural significance, as well as the interconnections of its metaphysical, ethical and ecological aspects. In this regard, the theoretical positions and philosophical concepts of researchers from various periods have been considered. Furthermore, since the concept of sustainable development is not limited to the well-being of individuals but also encompasses the stability of the environment in which humanity lives, it is defined as a holistic approach that aligns with the current principles of environmental, social and governance (ESG). To address these issues, a review of scientific literature has been conducted and through a comparative method, the cultural-philosophical paradigm of sustainable development has been clarified, with the importance of ethical and philosophical theories in the context of sustainable development being highlighted. In conclusion, it has been demonstrated that sustainable development is a holistic philosophical system that requires the harmonious functioning of ESG principles. The philosophical propositions discussed in this article form the cultural-philosophical foundation of sustainable development and propose ethical mechanisms for overcoming contemporary ecological and social crises.

Keywords: cultural-philosophical context; cultural sustainability; ESG principles; sustainable development; ethical theories; values; holistic philosophy.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОНЦЕПТІСІНІҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

^aЖазира БАЙСАРИНА, ^bКаракат НАГЫМЖАНОВА, ^bАйгүл САДЫҚОВА

^aAstana IT University, Астана, Қазақстан

^bЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

КУЛЬТУРНО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ КОНЦЕПЦИИ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

^aЖазира БАЙСАРИНА, ^bКаракат НАГЫМЖАНОВА, ^bАйгүл САДЫҚОВА

^aAstana IT University, Астана, Казахстан

^bЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – тұрақты даму концептісінің мәдени-философиялық негіздерін зерттеу. Зерттеу аясында тұрақты даму концептісінің философиялық мәнін талдау арқылы мәдени маңыздылығын, оның метафизикалық, этикалық және экологиялық аспектілерінің өзара байланысы талқыланды. Осы бағытта әртүрлі кезеңдердегі зерттеушілердің теориялық ұстанымдары мен философиялық тұжырымдамалары басшылыққа алынды. Сонымен қатар, тұрақты даму концептісі тек жеке тұлғалардың игілігімен ғана шектелмей, адамзат өмір сүріп отырған ортаның тұрақтылығын қамтитындықтан, қазіргі кездегі экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG: environmental, social and governance) қағидаттарымен үндестік табатын тұтастық тәсілі (holistic) ретінде анықталды. Осы мәселелердің шешімдерін табу үшін классикалық және қазіргі заман философиясы, мәдени тұрақтылық теориясына қатысты ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізіліп, салыстырмалы әдіс негізінде тұрақты даму тұжырымдамасының мәдени-философиялық парадигмасы айқындалып, этикалық және философиялық теориялардың тұрақты даму контексіндегі маңыздылығы анықталды.

Қорыта келе, зерттеуде тұрақты даму концептісінің ESG қағидаттарының үйлесімді жұмысын қажет ететін тұтас философиялық жүйе екендігі дәлелденді. Осыған орай, мақалада қарастырылған философиялық тұжырымдар тұрақты дамудың мәдени-философиялық негізін қалыптастырып, қазіргі экологиялық және әлеуметтік дағдарыстарды жеңудің этикалық тетіктерін ұсынады.

Түйін сөздер: мәдени-философиялық контекст; мәдени тұрақтылық; ESG қағидаттары; тұрақты даму; этикалық теориялар; құндылықтар; тұтастық тәсілі.

Аннотация. Целью данной статьи является исследование культурно-философских основ концепции устойчивого развития. В ходе исследования анализируется философское значение концепции устойчивого развития, обсуждаются ее культурная значимость, а также взаимосвязь ее метафизических, этических и экологических аспектов. В этом контексте учитываются теоретические позиции и философские концепции исследователей разных периодов. Кроме того, поскольку концепция устойчивого развития охватывает не только благополучие отдельных личностей, но и стабильность среды, в которой существует человечество, она определяется как целостный подход, соответствующий современным принципам экологического, социального и корпоративного управления (ESG). Для решения этих вопросов был проведен обзор научной литературы, а с использованием сравнительного метода была уточнена культурно-философская парадигма устойчивого развития, что подчеркивает значимость этических и философских теорий в контексте устойчивого развития.

В заключение было доказано, что устойчивое развитие представляет собой целостную философскую систему, требующую гармоничного функционирования принципов ESG. Философские положения, рассмотренные в статье, формируют культурно-философскую основу устойчивого развития и предлагают этические механизмы преодоления современных экологических и социальных кризисов.

Ключевые слова: культурно-философский контекст; культура устойчивости; принципы ESG; устойчивое развитие; этические теории; ценности; философия целостности.

Дәйексөз үшін:

Байсарина, Ж., Нагымжанова, К., Садықова, А. (2026). Тұрақты даму концептісінің мәдени-философиялық негіздері. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2),51-66 <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-51-66>

Для цитирования:

Байсарина, Ж., Нагымжанова, К., Садықова, А. (2026). Культурно-философские основы концепции устойчивого развития. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 155(2),51-66 <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-155-2-51-66>

Кіріспе

Қазіргі кезде адамзат өркениетінің дамуы әртүрлі әлемдік сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Экологиялық дағдарыстардың кең өріс алуы, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі, ресурстардың сарқылуы және технологиялық үдерістердің қарқынды дамуы тұрақты дамудың шектеулерін айқын көрсетуде. Осы тұрғыдан тұрақты даму концептісі тек саяси-экономикалық стратегия ретінде ғана емес, сонымен қатар адам мен табиғат, қоғам мен мәдениет арасындағы қатынастарды қайта пайымдауды талап ететін философиялық мәселе ретінде алдыңғы қатарға шықты.

Бастапқыда тұрақты даму концептісі прагматикалық шешімдерге бағытталғанымен, уақыт өте келе оның мәдени және философиялық маңыздылықтары айқындала түсті, өйткені бұл концепт адамзаттың болмысқа, табиғатқа және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікке деген көзқарасын қайта қарастыруды мақсат етеді (United Nations World Commission on Environment and Development, 1987). Осы тұрғыдан, тұрақты даму тек материалдық игіліктердің сақталуы емес, сондай-ақ құндылықтар жүйесінің, этикалық нормалардың және дүниетанымдық ұстанымдардың сабақтастығын қамтамасыз ететін тұтас философиялық бағдар, яғни адам мен әлем тұтастығы, үйлесім мен өлшем қағидаларының өзара байланысы және игілікті қоғам қалыптастыруда өзіндік бағдар ретінде қабылдана бастады. Бұл тұжырымдама ежелгі грек философиясында «архэ» – бастау, түпнегіз ұғымымен тығыз байланыса отырып, әлемнің түпкі мәнін, негізгі қағидатын сипаттау үшін қолданылып, табиғат пен ғаламның тұрақты қағидаттарын сипаттайтын бастапқы принцип ретінде қарастырылды. Ол тек материалдық элемент емес, әлемнің құрылымы, заңдылықтары және адамның қоғам мен табиғатпен үйлесімін анықтайтын философиялық категория болып табылады. Пресократтық ойшылдар (Фалес, Анаксимандр, Анаксимен) табиғаттағы бастапқы элементтері (су, апейрон, ауа) тұрақтылық пен үйлесімділіктің философиялық негізі ретінде түсіндірген. Архэ ұғымы натурфилософиядан этика мен метафизикаға дейін дамып, қазіргі тұрақты даму мен мәдени тұрақтылық философиясының негізін қалыптастырады. Ол әлеуметтік үйлесімділік, экологиялық тепе-теңдік және мәдени жүйелерді сақтауға бағытталған, сондай-ақ адам әрекеттерінің экологиялық, әлеуметтік және экономикалық салдарын бағалауға философиялық негіз береді.

Осы мәселелерге қатысты философиялық негіздемелер мен тұжырымдамаларды тереңірек түсіну үшін бұл зерттеуде тұрақты даму концептісін философиялық тұрғыдан түсіндіру әдістері қарастырылады.

Осыған орай, қазіргі ғылыми дискурста тұрақты даму концептісін тұтастық тәсіл, яғни бүтінді бөлшектемеу, тұрғысынан қарастыру өзекті болып отыр. Мұндай көзқарас қазіргі кезде кең таныла бастаған Environmental, Social және Governance (бұдан әрі - ESG) қағидаттарын: экологиялық, әлеуметтік және басқару қағидаларын біртұтас жүйе ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді (Radzi, 2023). Бұл қағидаттар тұрақты дамуды жеке тұлғаның ғана емес, күллі адамзат өркениетінің өмір сүру шарты ретінде қабылдауға бағыттайды.

Мақалада классикалық философиялық және этикалық теориялар басшылыққа алына отырып, тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін қажетті дүниетанымдық өзгерістер мен ойлау парадигмасының өзгеру қажеттілігі де қарастырылды. Осы орайда, тұрақты даму концептісі мәдени тұрғыдан классикалық және заманауи тұжырымдамалармен сабақтастырыла қарастырылады. Тұрақты дамудың этикалық және дүниетанымдық маңыздылығын ашу арқылы, бұл ұғымның қазіргі қоғам үшін әмбебап әрі іргелі философиялық мәнге ие екендігі негізделеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тұрақты даму концептісінің философиялық және мәдени негіздерін тереңірек түсіну үшін кешенді әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, оның құрамына келесі әдістер кірді:

Классикалық және қазіргі заман философиясы, экологиялық философия, мәдени тұрақтылық теориясы және ESG қағидаттарына қатысты ғылыми мақалалар мен халықаралық ұйымдардың құжаттарын (UNESCO, 2013) талдау арқылы әдебиетке жүйелі шолу жасалды. Ғылыми әдебиеттерді таңдау барысында және ақпараттың сенімділігі мен өзектілігі қамтамасыз етілді. Таңдау критерийлеріне тұрақты дамуға қатысты философиялық және мәдени аспектілердің қамтылуы, зерттеу нәтижелерінің қазіргі ғылыми дискурстармен үйлесімділігі, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілермен байланысы және авторлардың

танымалдылығы және олардың еңбектерінің халықаралық мойындалуы кірді. Мұндай жүйелі тәсіл зерттеу нәтижелерінің сапасы мен ғылыми негізділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Тұрақтылық пен дамудың қарама-қайшылығын, ежелгі және қазіргі философиялық дәстүрлердегі тұрақтылық ұғымының мәнін зерттеу үшін философиялық талдау әдісі басшылыққа алынды. Бұл әдіс танымдық процесс, этикалық нормалар, моральдық жауапкершілік және мәдени өлшемдердің өзара байланысын көрсетуге мүмкіндік берді (Lele, 1991; Sachs, 2010; Mandelbaum, 2026).

Тұрақты даму философиясының әлеуметтік әділеттілік, экологиялық жауапкершілік (Naess, 2005), мәдени бірегейлік және ұрпақ сабақтастығы аспектілерін зерттеу үшін этикалық талдау әдісі қолданылды. Нәтижесінде, бұл әдіс мәдениетті тек қорғалатын мұра емес, қоғамның тұрақты белсенді драйвері ретінде қарастыруға мүмкіндік бере отырып (Throsby, 1995; Frantzeskaki et al., 2012; Dessein et.al, 2015), жеке аспект ретінде қарастырылатын, «тек әлеуметтік немесе экономикалық құрал емес, тәуелсіз құндылық ретінде» анықталды, яғни мәдениеттің символдық эстетикалық және әлеуметтік мәнін бөлек бағалауға мүмкіндік берді (Scott, 2000). Ал, экологиялық этика тұрғысынан табиғаттың ішкі құндылықтары мен барлық тіршілік иелерінің өзара байланысы басты назарға алынды.

Әр түрлі философиялық дәстүрлердің тұрақты дамуға қатысты көзқарастарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау үшін салыстырмалы әдіс қолданылды. Бұл әдіс мәдениетаралық және дінаралық контекстте тұрақты дамудың мәнін айқындауға мүмкіндік берді (Leoni, 2026).

Сонымен қатар, тұрақты дамуды тек экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық аспектілермен шектемей, оның философиялық, этикалық және мәдени аспектілерін біртұтас жүйе ретінде қарастыру үшін холистикалық тәсіл (тұтастық тәсілі) қолданылды (Hawkes, 2001). Нәтижесінде, бұл тәсіл тұрақты дамуды жеке тұлғаның немесе қоғамның тұрмыс тіршілігінен бөлек, адамзат өркениетін сақтаудың жалпы шарты ретінде түсіндірді.

Сонымен қатар, тұрақты даму концептісінің мәдени тұрғыда маңыздылығын ашу үшін бірқатар этикалық әдістер қолданылды: біріншіден, дұрыс және бұрыс әрекеттердің жалпы моральдық қағидаларын анықтау жолымен тұрақтылыққа қатысты мәселелер қарастыруда нормативті этика (Kumlicka, 1995); екіншіден, әрекеттердің нәтижелеріне сүйене отырып, олардың моральдық құндылығын бағалау (Molotokiene, 2020), сондай-ақ, болашақ ұрпақ игілігін қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды сақтау және жалпы қоғамның мүдделерін ескеру мәселелерін қарастыруға негіз болған телеологиялық этика әдісі (Agyeman et al., 2003; Harrison, 1996; Holly, 2006); үшіншіден, әрекеттердің ішкі табиғатын және адамның ерік-жігерін ескеру арқылы моральдық бағалауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берген деонтологиялық этика әдісі (Vereb, 2005); төртіншіден, экологиялық этика және тұтастық тәсілі табиғаттың моральдық құндылығын, экожүйелердің тұтастығын және адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті талдау үшін қолданылды (Steenbergen, 1990; Dentith et al., 2022; Shiva, 2010; Jenkins, 2009).

Бұл әдістердің өзара үйлесімді қолданылуы тұрақты даму тұжырымдамасының философиялық негіздерін тереңірек түсінуге қол жеткізуге мүмкіндік бере отырып, мәдениет тұрақты даму стратегияларын жүзеге асырудағы негізгі құрал екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау мен нәтижелері

Тұрақты даму концептісінің философиялық парадигмалары

Тұрақты даму концептісі адам мен қоғамның үйлесімді әрі ұзақ мерзімді дамуына негізделіп, барлық адамдар үшін игілікке ұмтылуға бағытталған ұғым. Бұл жалпыадамзатқа ортақ мақсат қазіргі тұрақты даму тұжырымдамасының мақсаттарына толық сәйкес келеді. Алайда, аталған тұжырымдама өзіндік қарама-қайшылықты сипатқа ие, себебі «тұрақтылық» және «даму» ұғымдары жеке қарастырылғанда, бір-біріне қарама-қайшы мәнде болып көрінуі мүмкін. Мұндай қайшылықтың философиялық контексті тұрақтылық пен заңдылық арасындағы айқын шектеулердің белгіленуімен тығыз байланысты болуында. Зерттеушілердің пікірінше, «тұрақтылық пен дамудың арасындағы шиеленіс» ежелгі мәдениеттер мен қазіргі заман зерттеушілері тарапынан ең көп талқыланған философиялық мәселелердің бірі болып табылады (Lele, 1991; Sachs, 2010). Тұрақты даму концептісінің терең философиялық мәні адам ойлауының айырмашылықтар мен салыстырулар арқылы дүниені тануында (cognition) айқын көрінеді. Өйткені,

адамзат ойлау барысында ғана дүниелердің арасындағы айырмашылықтарды анықтап, олардың арасынан шекараларды сыза отырып, оларды түсіндіре алады.

Тұрақты даму концептісінің бастауы тұрақтылық пен тұрақсыздықтың, тәртіп пен келеңсіздіктердің, яғни хаос арасындағы қарама-қайшылықтардың куәсі болған ежелгі мәдениеттерден бастау алады. Олар жаратылыстың пайда болуын ғаламдық (cosmic) тәртіп ретінде қабылдап, оны хаостан шектеу ретінде түсінген. Мәселен, қытай философиясында Дао бастапқыда шексіз, тұңғыық мұхит ретінде танылған еді. Бірақ, ол өз-өзіне «шек қою» арқылы тұрақты қозғалыс тудырып, содан соң ғалам, аспан мен жердің пайда болуын түсіндірген. Осылайша, қытай ойшылдары жаратылыстың тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы тепе-теңдік негізінде қалыптасқанын түсінген. Бұл қағидат ежелгі мәдениеттердің шексіздік пен хаостық бастаманың белгілі бір шектеуі арқылы пайда болған ежелгі адамдар іздеген тәртіп пен тұрақтылықтың негізі болды.

Ал, ежелгі еврейлердің ойлауында тұрақтылық концептісі шынайылықты түсіну үшін қажетті негізгі принциптердің бірі ретінде қарастырылған. Олар әлемді Құдайдың шектелген болмысы ретінде қабылдап, бұл тұрғыда «әлемді жоқтан жарату» (ex nihilo) қағидасын ұсынған (Leoni, 2026).

Дегенмен, ежелгі өркениеттер ішінде тұрақтылық және тұрақты дамудың маңыздылығын ең жақсы түсінген гректер болды. Әлеуметтік салаларда «тұрақтылық» ұғымы мен қоғамның тұрақтылық мәселесіне алғаш жүгінген Аристотель болды. Грек философтары, Платон мен Аристотель, ғаламның (космос) белгілі бір тәртіппен және тұрақты болуын, яғни, егер кез келген шекара (peras) қандай да бір жолмен шексіздікті (apeiron) шектейтін болса, онда кеңістіктің дамуы рационалды болатындығы туралы айтқан (Плаксина, 2019). Олардың түсінігінде болмыс шекара емес, шексіздіктің шектелуінің нәтижесі ретінде қарастырылған, яғни шекара мен шексіздіктің белгілі бір байланысы немесе қиылысуы тұрақтылық деп қабылданған. Тұрақты даму (arche) туралы пайымдаулар грек философтарының мәтіндерінде әртүрлі формада, әсіресе пре-сократтық философиялық ойлауда жиі кездеседі. Платон мен Аристотельдің танымындағы болмыс, шекара мен шексіздіктің өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде немесе тұрақты даму ретінде өзара ұқсас түсіндірілген.

Ежелгі гректер өздерін сыртқы әсердің ықпалы арқылы шекаралармен шектелудің және сол арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажеттілігін атап өткен. Олар тұрақтылық пен шекаралар туралы ойларын этос пен номос ұғымдары арқылы түсіндіруге тырысты. Олар үшін этикалық мінез-құлық этикалық (ēthos) шекараларды құрметтеу деп қабылданса, мінез-құлық заңмен белгіленген этикалық шекаралардан шықпау (nomos), яғни адам әрекеттері белгілі бір шекаралар мен тұрақтылықты сақтау жауапкершілігіне байланысты болады деп түсіндірілді. Платон мен Аристотель тіпті идеалды қаланың немесе мемлекеттердің негізін қалаушылар халық пен сол елдің аумағын және тұрақтылықтың белгілі бір шектерін құрметтеулері тиіс деп санаған. Бұл ежелгі грек философиясындағы дәстүрлі төрт ізгіліктің бірі – ұстамдылық ізгілігімен (sōphrosunē), яғни адамның шекараларды құрметтеп, тұрақтылықты сақтау қабілетімен тікелей байланысты екендігін білдіреді. Осы орайда, Платон әділеттілікті (dikaiosunē) тұрақтылық ұғымымен байланыстыра отырып, оны өзге де үш ізгіліктің, яғни даналықтың (sophia), ерліктің (andreia) және ұстамдылықтың (sōphrosunē) ортақ тепе-теңдіктегі үйлесімділігі ретінде түсіндірген. Демек, Платон әділеттілікті тұрақтылықпен, ал Аристотель этикалық ізгілікті шектен шықпай, орташа тепе-теңдікті сақтау арқылы тұрақтылыққа жету ретінде қарастырған.

Ежелгі дәуірден орта ғасырларға өту кезеңінде алғашқы христиан теологтары Құдай мен ғалам арасындағы еңсерілмейтін шекара туралы айтып, нәтижесінде, Құдайдың ғаламды жаратқанға қатысты абсолютті трансценденттілік идеяларын тұрақтылықтың негізі ретінде бекіткен. Жаңа заманның басталуымен, әсіресе, Декарт философиясында тұрақтылық пен жеткіліксіз білімнің арақатынасы жөнінде пікірталастар пайда болды. Декарт және кейінгі философтар ойлауды шектеу арқылы ойлау процесінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға ұмтылған әдіс деп қабылдады (Kureethadam, 2017). Ал, Кант өзінің таным теориясының негізінде тұрақтылықты метафизикалық сұрақтар қою арқылы қалыптастыруды ойлаудың шекараларын анықтады. Оның айтуынша, ойлау метафизикалық сұрақтарды шешуге емес, керісінше оларды қоюға ғана қабілетті (Vereb, 2025, 11-б). Бұл жайт деректердің жетіспеушілігінен емес, оның басты себебі ойлау табиғатынан туындауында. Гегельдің диалектикасы, тезис-антитезис-синтез триадасы негізінде, синтезге негізделген тұрақтылық пен дамудың арасындағы қарама-қайшы айырмашылықты ішінара

жоюға талпыныс ретінде түсіндірді. Нищеге келер болсақ, оның есімі рационалдылыққа қарсылықпен байланысты болғандықтан, тұрақты даму концептісіне қарсылық уәжінің болуы түсінікті болды.

Постмодернизм философиясы, дәстүрлі метафизика мен шекараларды сынай отырып, әлеуметтік және мәдени топтардың шекараларын бұзу қажеттілігін алға тартты. Алайда, постмодернизмде бұрыннан бар шекаралардың орнына жаңа шекаралар пайда болды. Бұл өзгерістер философия мен қоғамның арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсету үшін маңызды болды. Қазіргі заманғы философияда экологиялық философияның этикалық негіздері мен холистикалық көзқарастар жаңа бағыт ретінде қарастырылуда.

XX ғасырдың басында психоанализ адамның психикалық бүтіндігі мен тұрақсыздығы, психиканың түрлі қабаттары арасындағы айырмашылықтары, саналы және бейсаналы ойлау арасындағы жаңа ұғымдар, сондай-ақ «ид, эго және суперэго» деп аталатын тұлға деңгейлері арасындағы ұғымдар туралы зерттей отырып, адам болмысының шектеулі шекараларын түсіндірді (Mandelbaum, 2026). Осы орайда, М.Хайдеггер тілдің табиғаты мен тұрақтылық арасындағы байланысты зерттеп, тілдің тұрақтылық пен болмыс арасындағы ортақ байланысын ашу арқылы «тіл адамзаттың тұрақты болмысының қайнар көзі» деп атады (Инишев, 2008). Тіл - дүниетанымды кеңейтіп, болмысты түсіндіреді. Сонымен қатар, Хайдеггер адамның шектеулілігін басты назарға алғандықтан, оның ойлауында өлім адам болмысының шектеулі абсолюттік шекарасы және тұрақтылықтың көкжиегі ретінде пайда болатындығын айтты. Жан-Поль Сартр болса, адамның шексіз еркіндігі арқылы тұрақты дамудың мүмкіндіктерін көрсетті, яғни адамның үнемі өзін-өзі жетілдіріп, ілгері қадам жасауға ұмтылу қабілеттері тұрақтылықтың кепілі екендігін атап көрсетті (Singh, 2021).

Жалпы, әлемдік тәжірибелерде тұрақты даму ұғымы бастапқыда экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерге негізделген болса, соңғы онжылдықтарда оның мәдени өлшемінің маңызы айқындала түсті. Хокиздің зерттеулері бойынша тұрақты даму тұжырымдамасы дәстүрлі үш тіректен (экономикалық, әлеуметтік және экологиялық) тыс төртінші аспект ретінде мәдениетпен толықтырылды (Hawkes, 2001, 7-6). Бұл мәдени аспект әлемдік ғылыми қауымдастықта және халықаралық деңгейде, соның ішінде Еуропалық Одақ пен ЮНЕСКО шеңберінде, тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөлігі ретінде мойындалды. Мәдени өміршеңдік әлеуметтік әділеттілік, экологиялық жауапкершілік және экономикалық өміршеңдік сияқты негізгі принциптермен тең дәрежеде маңызды болып, қоғамның ұзақ мерзімді және тұрақты дамуына үлес қосады. Осылайша, тұрақты дамуды толық түсіну үшін мәдениетті жеке аспект ретінде қарастыру және оны қоғамдағы тұрақтылықты қозғаушы фактор ретінде, әсіресе, мәдениетаралық және дінаралық диалог контекстінде бағалау қажет (UNESCO, 2013).

«Мәдени тұрақтылық теориясы - бұл кез келген қоғамның өз мәдени құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, білімдерін және ұлттық бірегейлігін ұрпақтан ұрпаққа сақтап, дамыту қабілетін сипаттайтын тұжырымдама» ретінде анықталды (Endere, 2024). Ол адамның рухани, әлеуметтік және мәдени ортасын сақтау мен дамытуға бағытталғандықтан, бірнеше аспектіні қамтиды: мұраны сақтау - материалдық және материалдық емес мәдени мұраны қорғау; тіл және білімді сақтау - жергілікті білім жүйелерін, тіл мен дәстүрлі дағдыларды жоғалудан сақтау; мәдени бірегейлік - қоғамдастықтың өз мәдениетін басқару, өркендету және өзіндік идентификация құқығының болуы; бейімделу қабілеті - мәдениеттің жаһандану, экологиялық және әлеуметтік дағдарыстарға қарамастан өміршеңдігін сақтау және ұрпақ сабақтастығы - мәдени құндылықтарды жас ұрпаққа жеткізу және олардың қабылдауын қамтамасыз ету жатады (Кесте 1).

Кесте 1

Тұрақты дамудың философиялық, мәдени және ESG қағидаттарымен үйлесімі

| | | |
|-----------------------|-------------------|-----------------|
| Философиялық негіздер | Мәдени аспектілер | ESG қағидаттары |
|-----------------------|-------------------|-----------------|

| | | |
|--|--|--|
| Антропологиялық түсінік | Мәдени бірегейлікті сақтау, бейімделу қабілеті | Е (қоршаған орта) – табиғатты және мәдени ортаны сақтау |
| Мәдениетаралық және дінаралық диалог | Мұра және дәстүрлі білімді сақтау | S (Әлеуметтік) – қоғамның әлеуметтік бірлігін, әділеттілікті және қатысуды қолдау |
| Символдық және эстетикалық құндылықтар | Өнер мен шығармашылық, эстетикалық тәжірибе | G (Корпоративтік басқару) – мәдени саясатты, стратегиялық басқаруды және әлеуметтік жауапкершілікті қамтамасыз ету |

Демек, мәдени тұрақтылық мәдениетті пассивті «мұражай экспонаты» ретінде емес, қоғамның дамуына, әлеуметтік бірлігіне және өмірдің мағыналы болуына әсер ететін белсенді драйвер ретінде қарастырады. Өз кезегінде, мұндай түсінік жергілікті қоғамдастыққа өз мәдени кеңістігін сақтай отырып, тұрақты даму стратегияларына белсенді қатысуға мүмкіндік береді (Hawkes, 2001,15-б; UNESCO, 2013).

Мәселен, 2011 жылы Еуропалық ғылым мен технология саласындағы ынтымақтастық аясында жүргізілген COST ACTION IS1007 зерттеуі мәдениетті тұрақты дамудағы үш тіректі анықтап берді (Dessein, K., et.al, 2015). Олар: «мәдениет ішінде (in)», яғни тұрақты дамудың төртінші тірегі ретінде; «мәдениет үшін (for)», яғни үш негізгі тірек арасында делдалдық рөл атқару үшін; «мәдениет арқылы (as)», яғни тұрақты даму мақсаттарына жету үшін қажетті құрылым мен негізгі қызметтері анықталып, мәдениеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді байланыстырудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделді. Зерттеушілердің айтуынша, бұл зерттеудің нәтижесі мәдениеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерді байланыстырудағы рөлін толық түсінуге мүмкіндік берген (Frantzeskaki et al., 2012).

Демек, қазіргі кезде мәдениет тұрақты дамудың тек қосымша факторы емес, «қоғамның негізгі құрылымдық элементі ретінде ұлттық ерекшеліктерді, дәстүрлерді және әлеуметтік нормаларды тұрақты дамудың негізгі драйвері ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тәсілі» болып түсіндірілуде (UNESCO, 2013; Throsby, 2012).

Этикалық теориялар мен тұрақты даму: жеке мүдделер мен жалпы игіліктердің өзара байланысы

Жалпы, тұрақтылық мәселесі бірқатар этикалық философиялық теориялармен тығыз байланысты. Осы орайда, бірнеше теорияларды қарастыруға болады. Біріншіден, нормативтік этика теорияларына негізделер болсақ, бұл теория өмір сүрудің қағидаларын зерттей отырып, дұрыс және бұрыс әрекеттерді, оның негізгі қағидаларын, өмірдің құндылығын және адал әрі әділетті қоғамның қандай болуы керектігін анықтайды. Осы тұрғыда, нормативтік этикалық теориялар тек зерттеліп қана қоймай, сонымен бірге

орындалуға тиісті жалпы моральдық қағидаларды ұсынады. Қазіргі заманғы қолданбалы этика адам қызметінің нақты салаларында туындайтын әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған және нормативтік этиканың негізінде туындайтыны анық. Екіншіден, телеологиялық этика теориясы. Бұл қандай да бір бұрыс әрекеттің, теріс салдарларға әкелмесе, ол моральдық тұрғыда оң болып қабылдануы мүмкін деп түсіндіріледі. Деонтологиялық этика теориясы болса, белгілі бір әрекеттердің, мысалы, кісі өлтіру, өтірік айту және өзге де бұрыс әрекеттердің, теріс салдарларға әкелгендіктерінен емес, олардың моральдық және этикалық тұрғыда табиғатынан бұрыс әрекеттер екендігін айтады. Осы екі теория арасындағы негізгі айырмашылық – дұрыс және бұрыс әрекеттердің тек салдарларына қарай анықталуы немесе оларды әрекеттің ішкі табиғатына сүйеніп бағалау мәселесі болып табылады. Бұл сұрақтар нормативтік этиканың негізгі мәселесі болғандықтан, қолданбалы этика мәселелерін шешудің әдістері де осы сұрақтарды шешуге тәуелді болып келеді (Kumlicka, 1995,78-6).

Телологиялық этика қағидасына келер болсақ, оның айқын көрінісін классикалық утилитаризм теориясынан байқаймыз. Бұл теорияға сәйкес адам әрекеттері қоғамның жалпы игілігіне жұмсалуды қажет, яғни әрбір адамның бақытты сезіну мөлшерін «максимумға дейін жеткізетін» және азап шегу мөлшерін «минимумға дейін азайтатын» бағыт қалыптастыру керектігі міндеттелген. Нақтыласақ, бұл теория негізінде моральдық мақсат – бақытты қамтамасыз ету және азапты жою болып табылады.

Осы мәселені, гедонизм тұрғысынан қарастыратын болсақ, тұрақтылық этикасына жету моральды бағалаудың әртүрлі нысандарда көрініс табуы мүмкін және кейде бұл нысандардың бір-бірінен айырмашылықтары бар. Себебі, ең жақсыны тек өз игілігі үшін таңдау (egoism) қажет пе, әлде барлығына бірдей пайдалысын таңдау (utilitarianism) дұрыс па; біреуге жақсылық жасауда тек ләззатқа назар аудару (pleasure) керек пе, немесе керісінше, жайсыздық тудыру (discomfort) тұрғысынан қарау керек пе (hedonism); жоқ әлде, бірнеше құндылықты есепке ала отырып адамзатқа әртүрлі игіліктер (pluralism) жасау жолдарын таңдау керекпіз бе деген сұрақтарға ортақ шешімнің болмауы. Тұрақты даму концептісін негіздеу барысында бірқатар негізгі мәселелер туындайды, яғни біз кімнің игілігін қамтамасыз етуіміз керек? Тек өз пайдаңды ойлау ма, әлде біз тиесілі топтың ба, әлде күллі адамзаттың ба немесе барлық саналы тіршілік иелерінің мүдделерін ескеруіміз қажет пе? Осы тұрғыда, классикалық утилитаризм, жеке адамның мүддесін жалпы адамзаттың мүддесіне бағындыруды қолдай отырып, тұрақты даму идеясына үйлесімді келеді. Утилитаризм тұрғысынан тұрақты даму концепциясының негізі – адамның немесе қоғамның жалпы мүдделері жеке мүдделерден жоғары болуы тиіс деген идеядан тұрады.

Десек те, классикалық утилитарлық этикалық теория, шын мәнінде, тұрақты даму идеяларымен үйлесімді келеді. Өйткені, тұрақты даму тұжырымдамасының негізі бүкіл адамзаттың жалпы мүдделерінің жеке тұлғаның мүдделеріне қарағанда үстем қойылуы тиіс деген идеядан тұрады. Осы жерде тұрақты даму ұғымын утилитарлық тұрғыдан негіздейтін болсақ, онда жеке тұлғаның мүдделері адамзаттың жалпы мүдделерімен салыстырғанда маңызды емес деген қорытынды жасауға болады. Деонтологиялық этиканың негізгі қағидасы белгілі бір әрекеттердің теріс салдары болғандықтан, бұрыс деп танылмайтындығын аңғартады. Сол себепті, деонтологтар телеологиялық этика теорияларын сынға алып, адамның жеке құндылықтарын қорғауға қабілетсіз деген ұстанымды ұстанған. Себебі, тек салдарларға қарап моральдық бағалау адамның нағыз құндылықтарын көрсетпейді.

Қазіргі кезде мораль адам болмысынан тыс факторларға негізделген деген көзқарас біртіндеп өзгере бастады. Оның орнына моральдың негізгі көзі – адамның еркіндігі деген ой қалыптасты. Яғни, әрбір адам өз моральдық шешімдерін өз еркіндігі мен жауапкершілігіне сүйеніп қабылдауы тиіс. Бұл көзқарас М. Монтен философиясынан бастау алып, И. Канттың еңбектерінде шарықтау шегіне жеткен болатын. И. Канттың айтуынша: «әрбір адам өзінің әрекеттерін түсініп, моральдық жауапкершілікті сезінуі керек. Ол үшін адам ең алдымен өзін және өзгелерді рационалды жаратылыстар ретінде құрметтеуі қажет (Molotokiene, 2020, 8-6). Бұл тұжырым адамзаттың негізгі міндеті ар-ұждан қағидаттары мен адамның еркіндігі мен қадір-қасиетін сақтай отырып, моральдық мүдделерге бағынуды білдіреді. Демек, деонтологиялық тұрғыдан алғанда, әрбір адам өз ниеті мен әрекеттері үшін жауапкершілік алуы тиіс. Егер әр адам қасақана жамандық жасамай, бүлінуді болдырмауды ұстанса, өз әрекеттеріне зор жауапкершілікпен қараса және моральдық қағидаттарды құрметтеген жағдайда классикалық деонтологиялық этикалық теория бойынша тұрақты даму тұжырымдамасы жүзеге асатынын түсінуі қажет.

Утилитарлық теорияға келер болсақ, ол игілікті арттыруға бағытталған тұрақты даму концептісінің міндеттерімен сәйкес келеді. Утилитаризм барлық адамдарды, кейде адамға жатпайтын тіршілік иелерін де, игіліктің тең құқылы иеленушілері ретінде қарастыратындықтан, болашақ ұрпақтың мүдделерін қорғау үшін зор жауапкершіліктер жүктейтінін аңғарамыз. Егер әлсіз немесе күшті тұрақтылықты, соның ішінде табиғи ресурстарды адам жасаған капиталмен алмастыру мүмкіндіктерін қарастырар болсақ, онда утилитарлық шешім неғұрлым тиімділік пен пайдалылықты көздейтін болады. Мысалы, егер біз табиғи ресурстарды сақтауды міндет немесе ізгілік ретінде қарастыратын болсақ, онда біз нәтижелерге емес, моральдық тетіктерге негізделген этикалық теорияларға сүйенетін боламыз. Утилитаризм тұрғысынан бұл әрекет, оның нәтиже-бағамды жақтарын қарастырады, яғни табиғи ресурстарды сақтаудың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық пайдасын ескеріп, «ең көп игілік» принципіне сай шешім қабылданады. Сол себепті болашақ ұрпақтардың игіліктерін ескеру, табиғи ресурстарды сақтап, олардың құндылықтарын арттыру жауапкершілігі артады. Өз кезегінде, тұрақты даму тұжырымдамасына философиялық тұтастық қағидасының мәнін ашуды талап ететін этикалық теорияларды атасақ, ол – экологиялық этика болып табылады. Осы орайда, экологиялық этика табиғи ресурстар мен қоршаған ортаға қатысты адамның құқықтары мен тетіктерін анықтап, оларды біртұтас жүйе ретінде қабылдауды ұсынады. Демек, тұрақты даму тек қана экономикалық емес, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық аспектілерді де қамтитын кешенді жиынтық.

Тұрақты даму философиясындағы тұтастық тәсілінің рөлі

Философиялық тұрғыда тұтастық тәсілі тұрақты даму концептісінің негізінде жатқан үйлесімділік пен тұтастық ұғымдарын айқындайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта және даму жөніндегі Дүниежүзілік комиссиясы тұрақты дамудың мынадай анықтамасын ұсынды: «Келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне нұқсан келтірмей, бүгінгі күннің қажеттіліктеріне де жауап бере алатын даму» (WECED, 1987). Бұл анықтама тұрақты даму тұжырымдамасының негізгі даму қағидасын белгілей отырып, оның үш негізгі тіректерін - экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін қамтиды. Бұған адамның қоғамдағы, табиғаттағы және экономикадағы өзара әрекеттесуі жатады. Осы тұрғыдан, тұрақтылық термині, «уақыт өткен сайын қандай да бір құбылысты немесе объектіні, нәтиже мен процесті сақтай білу мен қолдай білу қабілеті» деп түсіндіріледі (Jenkins, 2009, 12-б). Ал бұл әрекеттер болса, барлық адамзат қызметіне қатысты қолданылатындығы сөзсіз.

Алайда, экологиялық этиканы зерттеушілер тұрақтылықтың жалпылама түсінігінің қауіпті екенін ескертеді. Шиваның айтуынша (Shiva, 2010:7), тұрақтылықтың жалпы тұжырымы қоршаған ортаның шектеулерін және адам іс-әрекеттерінің табиғи жүйелердің тұрақтылығына бейімделу қажеттілігін ескермеуі мүмкін. Сондықтан, тұрақтылықты тек экологиялық аспектісіз қарастыруға болмайтындығына назар аударады, өйткені табиғи жүйелер адамдардың өмір сүруі үшін қажетті экоклиматты қамтамасыз ететіндіктен, тұрақтылықты экологиялық контекстінде ғана толық түсінуге болады.

Тұрақты даму тұжырымдамасы, бұл тұрғыдан алғанда, экономикалық, әлеуметтік және мәдени шектеулермен бетпе-бет келгендіктен, қоғамның әрі қарай дамуындағы нормативтік этикалық принцип ретінде қарастыруға болады. XX ғасырдың екінші жартысында экологиялық жағдайдың өзгеріп отыруы адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты тереңірек зерттеу қажеттілігін туғызды. Бұл зерттеулер экологиялық этиканың қалыптасуына әкелді. Ол дәстүрлі этикалық теориялардың адам мен табиғат арасындағы байланыстарды негіздеу үшін жеткіліксіз екенін көрсетеді. Осылайша, адамның табиғатқа деген тұтастық көзқарасы қалыптасып, экологиялық этиканың жаңа қағидалар ұсынылды.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, «холизм» терминін Оңтүстік Африка ойшылы Я.К. Смутс «Holism and Evolution» атты еңбегінде алғаш рет енгізді. Бұл термин грек тіліндегі «holos» (тұтас, бүтін) сөзінен шыққан және философиялық тұрғыдан үш негізгі бағытқа бөлінеді: этикалық, эпистемологиялық және метафизикалық. Біріншіден, этикалық – бұл жеке тұлғалардың игілігінің жиынтығы түрінде емес, адам мен табиғатты біртұтас контексте қарастыратын көзқарас. Екіншіден, эпистемологиялық – бұл тұтастықты түсіну үшін оның бөліктерін жеке дара зерттеу арқылы оны толық түсіну мүмкін емес екенін білдіретін теория, яғни ол кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Үшіншіден, метафизикалық – бұл көзқарас бойынша,

тұтастық өзінің құрамдас бөліктерінен жеке дара әрі тәуелсіз өмір сүре алмайды (Smuts, 2006).

Экологиялық этикада бұл ұғым ең алғаш рет 1949 жылы Альд Леопольдтың «A Sand County Almanac» еңбегінен шыққан (Leopold, 1949). Бұл тұжырымның өзегінде тұтас экожүйенің тұрақтылығы мен адамзаттың табиғатқа әсері арасындағы байланыс ерекше орын алады. Бұл тұжырымдама адамзаттың табиғатпен үйлесімді өмір сүруінің экологиялық қажеттілігіне негізделген. Бұл еңбек экологиялық этиканың негізін қалаушы болып саналғандықтан, оның маңызы әлі күнге дейін жоғары бағаланып келеді, өйткені бұл тұжырымдама ғылыми айналымда адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың философиялық негізін құруда ерекше мәнге ие.

Холистикалық көзқарас экологиялық этиканың маңызды принциптерінің бірі болып табылады, өйткені ол антропоцентризмнен бас тартып, әртүрлі тіршілік иелерінің, экожүйелердің және қоршаған ортаның біртұтастығын мойындайды. Сонымен қатар, экологиялық холизм адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырады және моральдық тұрғыдан барлық тіршілік иелерінің құқығын қорғауды талап етеді. Ван Стийнбергеннің айтуынша, холистикалық парадигма тұтастықты, бақылаушыны қатысушымен алмастыруды, процестер тұрғысынан ойлауды және жүйелер теориясына жақындықты атап көрсетеді (Steenbergen, 1990).

Бұл тұрғыдан, экологиялық этика тек табиғаттың ішкі құндылықтарын емес, оның моральдық тұрғыдан да ескерілетіндігін айтады. И.Кант осы көзқарасты «табиғаттың моральдық тетіктері» тұрғысынан негіздеген. Ол табиғатқа деген жауапкершілікті моральдық құқықтар мен тетіктердің көрінісі ретінде түсіндіре отырып, бұл құндылықтарды рационалды, саналы моральдық субъектілерге қолдануға болатындығын айтқан (Vegeb, 2005,129-б).

Сонымен қатар, биоцентризм немесе эгалитаризм идеясы табиғаттағы барлық тірі организмдердің өмір сүруге, өркендеуге және өзін-өзі жүзеге асыруға тең құқығы бар деген ұстанымды алға тартады (Naess, 2005, 21-б). Бұл тұжырымдама Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне бірдей теңдік беретін моральдық және экологиялық негізді қалыптастырады.

А. Бауэрс зерттеулерінде қазіргі заман мифтеріне назар аудара отырып, адамзаттың табиғатқа деген көзқарасына әсер ететін мәдени алғышарттарды талдайды. Оның айтуынша, тұтынудың шектен тыс артуы, жеке тұлғаның рационалды шешім қабылдауы және ғылым мен технологиялардың дамуы экологиялық бүтіндіктің жүзеге асуына кедергі келтіреді. Бұл қазіргі заман мифтері, экологиялық тұтастықтың мәнін теріске шығарып, оны күнделікті моральдық тәжірибемізге енгізуді қиындатады (Dentith, A. et.al., 2022).

Жалпы, тұрақты даму концептісін терең түсіну үшін экологиялық мәселелерді шешу жүйелі көзқарасты талап етеді. Ол экономикалық, саяси және әлеуметтік жүйелер экологиялық таза технологиялар мен мінез-құлықтарды қолдауға бағытталуы керек. Осылайша, тұрақты даму тек экологиялық және экономикалық аспектілермен шектелмей, мәдени тұрғыдан моральдық құндылықтармен байланысты болады. Экологиялық тұтастық тұрақты дамуды тек табиғи ресурстарды тиімді пайдаланумен ғана емес, сонымен қатар олардың ішкі құндылықтарын қорғаумен де байланыстырады.

Қазіргі жаһандану кезеңі адамдардың оның деструктивті аспектілерін біртіндеп түсінуге, оларды болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін ескеретін тұрақты даму қағидаттарына негізделген жаңа көзқарастар арқылы шешуге ұмтылуына себеп болды. Бұл жаңа көзқарас экономикалық өсу ғана емес, сонымен қатар экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты да қамтуды көздейді. Қоршаған ортаны жою арқылы адамдар өздеріне зиян тигізіп, біртіндеп жойып жатқандықтарын түсіну маңызды. «Егер адам өзін-өзі және өзгелерді құндылық деп қабылдасамаса, онда біз өзімізге қарсы агрессивті әрекеттерге тап болуымыз мүмкін» (Agyeman, et.al., 2003). Осы орайда, қазіргі кезде табиғат тек объект емес, субъект ретінде қарастырыла бастады, яғни ол тірі организмдердің бір бөлігі ретінде өзіндік құндылығын арттырды. Бұл көзқарас адам санасында маңызды өзгерістерді қозғап, табиғаттың да өзіндік құқықтары мен құндылықтары бар екендігін түсіндіреді.

Тұрақты даму тұрғысынан алғанда, материалдық әлемнің табиғи емес, адам құрастырған дүние екендігі түсіну қажет. Осы тұрғыдан, тұрақты даму концептісі философиялық парадигмалардың өзгеруін талап етеді, себебі ол адамзаттың моральдық ойлауын жаңа бағытқа, яғни адам мен табиғаттың тепе-теңдігін сақтау қажеттілігін түсінуге бағыттайды (Harrison, 1996). Тұрақты даму – экономикалық өсу мен қоршаған ортаны қорғаудың үйлесімді байланысы ретінде анықталатын жаңа холистикалық аспект болып табылады. Бұл аспект экологиялық жүйенің құндылығын арттырып, оның үстемдігін қабылдайды, өйткені адамзаттың

дамуы тек экологиялық шектеулерді ескерегенде ғана ілгерілейді (Holly, 2006).

Тұрақты даму концептісін философиялық тұрғыдан зерделеу адамзаттың болмысқа, табиғатқа және қоғамдық өмірге деген көзқарастарының тарихи және мәдени негіздерін ашуды талап етеді. Бұл ұғым қазіргі кезеңдегі жаһандық мәселелеріне жауап ретінде қалыптасқанымен, оның түп-тамырында классикалық философиялық дәстүрлермен тығыз байланысты тұжырымдамалар жатыр.

Абай, Шәкәрім және Әл-Фараби идеяларының үндестігі: адам, қоғам, табиғат және тұрақты даму

Жоғарыда талқыланған ежелгі және заманауи шығыс және батыс ойшылдарының тұжырымдамаларының қазақ дүниетанымы үшін ортақ әлемдік қағидаттардың үндестігін атап өту маңызды. Мәселен, Әл-Фараби, Абай және Шәкәрім Құдайбердіұлының ойшылдық мұраларында адам, қоғам, табиғат арасындағы үйлесім мен моральдық жауапкершілік қағидалары тереңнен қарастырылған. Бұл қағидалар әлемдік философиялық ойлардың негізін құрайтын ұғымдармен үндес және қазіргі кездегі тұрақты даму концептісінің мәнін ашады.

Адам мен табиғаттың үйлесімі Платон мен Аристотельдің еңбектерінде адам мен қоғам арасындағы тәртіп, үйлесім мәселесі болса, Абай адам мен табиғат арасындағы рухани-этикалық байланысқа назар аударған. Бұл идеялар бүгінгі таңда әлемдегі экологиялық тұрақтылық пен табиғатқа деген жауапкершілік мәселелерімен тығыз байланысты екендігі сөзсіз.

Тұрақты дамудың тетіктерінің бірі әділеттілік пен жауапкершілікке келер болсақ, Әл-Фарабидің «қайырымды қала» тұжырымдамасы қоғамның тұрақтылығы мен басқару қағидалары бойынша қазіргі кездегі тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келеді (Сейсенбаев, 2015). Оның айтуынша, әділетті басқару, ақыл-парасат пен үйлесім адамзаттың болашақтағы тұрақты дамуына негіз болатын басты ұстанымдар. Мұндай көзқарас қазіргі қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті басқару жүйелерінің моральдық және этикалық негіздеріне үңілтеді. Ал, Абай Құнанбайұлының адамгершілікке негізделген «Толық адам» тұжырымдамасы қазіргі кездегі әлеуметтік әділеттілік (social justice), теңдік пен қоғамның жауапкершілігі (equality and responsibility) қағидаттарымен үндесе келе, адам мен табиғат арасындағы байланыс тек тұтынушылық қана емес, зор жауапкершілікпен қарайтын рухани-этикалық қарым-қатынас ретінде түсіндіріледі (Yesim, 2020). Осылайша, Абай ілімінде экологиялық тұрақтылық пен қоғам алдындағы жауапкершілік тұжырымдамалары қазіргі кездегі тұрақты даму философиясымен толыққанды үйлесімділік табады. Бұл қағидаттар адам құқықтары (human rights), экологиялық (environmental) және экономикалық (economic) теңгерімділікке қатысты маңызды рөл атқарады.

Шәкәрімнің философиясына келсек, оның ойшылдық ұстанымдары адамның ішкі жауапкершілікті, моральдық таңдау мен әрекеттердің салдарларын түсінуді айтады. Бұл идея классикалық философиядағы моральдық ізгіліктің және дұрыс өмір сүру қағидаттарының негізіне сәйкес келеді. Шәкәрімнің айтуынша, адам өз іс-әрекеттері үшін тек қоғам алдында емес, табиғат алдындағы жауапкершілікті де сезінуі керек. Осы тұрғыда Аристотельдің ізгілік пен адамгершілікті дұрыс өмір сүрудің басты қағидалары ретінде қарастырады. Әлемдік философиялық тұрғыда адамгершілік пен рухани даму бүгінгі тұрақты даму тұжырымдамасымен байланысып, қоғамның әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін арттыруда маңызды болып табылады. Сондықтан да, Шәкәрімнің бұл идеясы экологиялық дағдарыстарға және табиғаттың тепе-теңдігінің бұзылуына әкелетін моральдық дағдарыстарды жеңудің философиялық алғышарттары болып табылады. Демек, бұл ойшылдар адам, қоғам, табиғат үшеуін біртұтас жүйе ретінде қарастырғандықтан, қазіргі тұрақты даму тұжырымдамасының тұтастық тәсілімен үндестік табады.

Демек, тұрақты даму тұжырымдамасының философиялық мәні оның адам мен табиғат арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты дамыту қажеттілігінен туындайтындығында. Бұл тұрғыда экономикалық, әлеуметтік-саяси және экологиялық жүйелердің бірлесіп әрекет етуі маңызды. Тұрақты даму философиясы бойынша, адам баласы ұжымдық тұрғыдан үздіксіз дамуға ұмтылыс жасап, адами қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жүйелілік болып табылады. Осылайша, тұрақты даму тұжырымдамасы – барлық жүйелердің қызметін үйлестіретін және біріктіретін тұтас этика.

Қорытынды

Тұрақты даму тұжырымдамасы қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен қатар экологиялық

қорғауды, әлеуметтік теңдікті, мәдени әртүрлілікті сақтауды және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтиды. Тұрақты даму тұжырымдамасы әлемде болып жатқан экологиялық, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделіп, уақыт өте келе өзінің негізгі қағидалары мен мақсаттарын қайта қарастырып, қоршаған ортаның шектеулеріне бейімделген саналы мінез-құлық қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл оның адамзаттың әртүрлі қызмет салаларында қабылдануына себеп болатындығын көрсетеді.

Тұрақты дамудың мәдени-философиялық маңыздылығы әлеуметтік игілікке және экологиялық жүйелердің тұрақтылығына қатысты этикалық құндылықтарды біріктіріп, әртүрлі этикалық теорияларды қолдануды талап етеді. Классикалық утилитарлық және деонтологиялық теориялар тұрғысынан алғанда, тұрақты даму концептісі барлық тіршілік иелеріне деген жауапкершілікті мойындау мен болашақ ұрпақтардың құқықтарын қорғауды қажет етеді. Утилитарлық теория болса, барлық тіршілік иелерін тең дәрежеде қарастыра отырып, қазіргі ұрпақ пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті арттыруға бағытталса, деонтологиялық этика белгілі бір моральдық ережелер мен тетіктерді орындау арқылы ізгілікті ниетпен әрекет етуді талап етеді.

Қорытындылай келе, тұрақты даму тұжырымдамасы тек экономикалық және экологиялық жүйелердің тиімділігін ғана емес, сонымен қатар моральдық-этикалық аспектілерді де ескеру арқылы жүзеге асуы тиіс. Демек, ESG қағидаттарының үйлесімді жұмысын талап ететін тұтас философиялық жүйе болып табылады. Жоғарыда талқыланған мәдени және философиялық көзқарастар қазіргі әлемдік экологиялық және әлеуметтік дағдарыстарды еңсерудің рухани-этикалық тетіктерімен қоса, адамзат ұрпақтарының құндылықтарын сақтай отырып, болашақта теңдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған моральдық тетіктерді ұсынады. Олардың ішінде, біріншіден, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы мен әл-ауқатын арттыру үшін нақты әрекет етуде – әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілікті атаймыз. Екіншіден, табиғатқа деген моральдық қарым-қатынасты қалыптастыру, оған құндылық ретінде қарап, қорғауда экологиялық этика мен табиғатқа деген жауапкершіліктің болуы. Бұл тұтастық тәсілі адамзаттың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, моральдық және экологиялық құндылықтарды біріктіреді. Сондықтан да тұтастық тәсілі қазіргі кездегі тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті моральдық тетіктер экологиялық, әлеуметтік және мәдени аспектілерді ескере отырып, барлық жүйелердің үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған тәсіл деп тұжырымдалады. Бұл тетіктер тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге және болашақ ұрпаққа экологиялық және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді.

Әдебиеттер

- Agyeman, J., Bullard, R. D., & Evans, B. (2003). Joined-up thinking: Bringing together sustainability, environmental justice and equity. In J. Agyeman, R. D. Bullard, & B. Evans (Eds.), *Just sustainabilities: Development in an unequal world* (pp. 1–16). MIT Press.
- Dentith, A., et al. (2022). *Curriculum, environment and the work of C. A. Bowers: Ecological and cultural perspectives*. Routledge.
- Endere, M. L., et al. (2024). Heritage and sustainability. In *Encyclopedia of archaeology* (2nd ed., pp. 589–596). Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-90799-6.00040-9>
- Frantzeskaki, N., Loorbach, D., & Meadowcroft, J. (2012). Governing societal transitions to sustainability. *International Journal of Sustainable Development*, 15(1–2), 19–36. <https://doi.org/10.1504/IJSD.2012.044032>
- Harrison, P. R. (1996). Towards a philosophy of nature. In W. Cronon (Ed.), *Uncommon ground: Rethinking the human place in nature* (pp. 380–392). W. W. Norton & Company.
- Hawkes, J. (2001). The fourth pillar of sustainability: Culture's essential role in public planning. *Cultural Development Network*.
- Hursthouse, R. (2006). Environmental virtue ethics: A review of some current work. *Journal of Agricultural and Environmental Ethics*, 19, 391–424. <https://doi.org/10.1007/s10806-006-9002-0>
- Jenkins, W. (2009). *Berkshire encyclopedia of sustainability: The spirit of sustainability* (Vol. 1). Berkshire Publishing Group.
- Kureethadam, J. I. (2017). *The philosophical roots of the ecological crisis: Descartes and the modern worldview*. Cambridge Scholars Publishing. <https://doi.org/10.65325/EB6410>
- Kymlicka, W. (1995). *Modern politisk filosofi [Modern political philosophy]*. Nya Doxa.

- Lele, S. M. (1991). Sustainable development: A critical review. *World Development*, 19(6), 607–621. [https://doi.org/10.1016/0305-750X\(91\)90197-P](https://doi.org/10.1016/0305-750X(91)90197-P)
- Leoni, F. (2026). Ex nihilo. In S. Vizzardelli & R. Panattoni (Eds.), *Plasticity and discontinuity (Lecture Notes in Morphogenesis)*. Springer Nature. https://doi.org/10.1007/978-3-032-03119-8_1
- Leopold, A. (1949). *A sand county almanac: And sketches here and there*. Oxford University Press.
- Mandelbaum, B., & Mandelbaum, E. (2026). Id, ego, and superego. In T. Teo (Ed.), *The Palgrave encyclopedia of theoretical and philosophical psychology*. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-3-031-70581-6_374-1
- Molotokienė, E. (2022). A philosophical analysis of the concept of sustainable development. *Regional Formation and Development Studies*, 31(2), 148–156. <https://doi.org/10.15181/rfds.v31i2.2106>
- Naess, A. (2005). The shallow and the deep, long-range ecology movement: A summary. In A. Drengson & H. Glasser (Eds.), *The selected works of Arne Naess (Vol. 10, pp. 7–12)*. Springer.
- Radzi, S., et al. (2023). An overview of environmental, social and governance (ESG) and company performance. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2023.11.90>
- Sachs, W. (2010). Resources. In W. Sachs (Ed.), *The development dictionary: A guide to knowledge as power (2nd ed., pp. 24–32)*. Zed Books.
- Scott, A. J. (2001). Capitalism, cities, and the production of symbolic forms. *Transactions of the Institute of British Geographers*, 26(1), 11–23. <https://doi.org/10.1111/1475-5661.00003>
- Shiva, V. (2010). Resources. In W. Sachs (Ed.), *The development dictionary: A guide to knowledge as power (2nd ed., pp. 228–242)*. Zed Books.
- Singh, D. M. K. (2021). *Jean Paul Sartre on man, society and freedom*. Rajat Publications.
- Smuts, J. C. (2006). *Holism and evolution*. MacMillan and Company. (Original work published 1926). <https://archive.org/details/holismandevoluti032439mbp>
- Dessein, J., Soini, K., Fairclough, G., & Horlings, L. (2015). Culture in, for and as sustainable development: Conclusions from the COST Action IS1007 investigating cultural sustainability. University of Jyväskylä. <https://doi.org/10.13140/RG.2.1.3380.7844>
- Throsby, D. (1995). Culture, economics and sustainability. *Journal of Cultural Economics*, 19(3), 199–206. <https://doi.org/10.1007/BF01074049>
- Throsby, D. (2012). *The economics of cultural policy*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511845253>
- UNESCO. (2013). *Culture: A driver and an enabler of sustainable development*. UNESCO. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000226382>
- World Commission on Environment and Development. (1987). *Our common future*. Oxford University Press. <https://www.brundtland.co.za/wp-content/uploads/2022/08/Brundtland-Report-1987-Our-Common-Future.pdf>
- Vereb, Z. (2025). *Kant and environmental philosophy: The climate crisis and the imperative of sustainability*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781009664905>
- Van Steenberg, B. (1990). Potential influence of the holistic paradigm on the social sciences. *Futures*, 22(10), 1071–1083.
- World Commission on Environment and Development (WCED). (1987). *Our common future*. Oxford University Press.
- Yesim, G. (2020). *An insider's critique of the Kazakh people and nation: Reflections on the writings of Abai Kunanbai-uhli*. Asia Research Associates.
- Инишев, И. (2008). Хайдеггер и философия языка. *Вестник РГГУ. Серия «Философия. Социология. Искусствоведение»*, (7). <https://cyberleninka.ru/article/n/haydegger-i-filosofiya-yazyuka-1>
- Плаксина, О. (2019). Устойчивость общества в социально-философском учении Аристотеля. *Грани*, 22(3), 62–76. <https://doi.org/10.15421/171933>
- Сейсенбаев, Р. (2015). Әл-Фараби. Қайырымды қала. In *Әлем халықтарының әдебиеті. Менің 100 кітабым (р. 294)*. Халықаралық Абай клубы. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1525062>

References

- Agyeman, J., Bullard, R. D., & Evans, B. (2003). Joined-up thinking: Bringing together sustainability, environmental justice and equity. In J. Agyeman, R. D. Bullard, & B. Evans (Eds.), *Just sustainabilities: Development in an unequal world* (pp. 1–16). MIT Press.
- Dentith, A., et al. (2022). *Curriculum, environment and the work of C. A. Bowers: Ecological and cultural perspectives*. Routledge.
- Endere, M. L., et al. (2024). Heritage and sustainability. In *Encyclopedia of archaeology* (2nd ed., pp. 589–596). Elsevier. <https://doi.org/10.1016/B978-0-323-90799-6.00040-9>
- Frantzeskaki, N., Loorbach, D., & Meadowcroft, J. (2012). Governing societal transitions to sustainability. *International Journal of Sustainable Development*, 15(1–2), 19–36. <https://doi.org/10.1504/IJSD.2012.044032>
- Harrison, P. R. (1996). Towards a philosophy of nature. In W. Cronon (Ed.), *Uncommon ground: Rethinking the human place in nature* (pp. 380–392). W. W. Norton & Company.
- Hawkes, J. (2001). The fourth pillar of sustainability: Culture’s essential role in public planning. *Cultural Development Network*.
- Hursthouse, R. (2006). Environmental virtue ethics: A review of some current work. *Journal of Agricultural and Environmental Ethics*, 19, 391–424. <https://doi.org/10.1007/s10806-006-9002-0>
- Jenkins, W. (2009). *Berkshire encyclopedia of sustainability: The spirit of sustainability* (Vol. 1). Berkshire Publishing Group.
- Kureethadam, J. I. (2017). *The philosophical roots of the ecological crisis: Descartes and the modern worldview*. Cambridge Scholars Publishing. <https://doi.org/10.65325/EB6410>
- Kymlicka, W. (1995). Modern politisk filosofi [Modern political philosophy]. *Nya Doxa*.
- Lele, S. M. (1991). Sustainable development: A critical review. *World Development*, 19(6), 607–621. [https://doi.org/10.1016/0305-750X\(91\)90197-P](https://doi.org/10.1016/0305-750X(91)90197-P)
- Leoni, F. (2026). Ex nihilo. In S. Vizzardelli & R. Panattoni (Eds.), *Plasticity and discontinuity* (Lecture Notes in Morphogenesis). Springer Nature. https://doi.org/10.1007/978-3-032-03119-8_1
- Leopold, A. (1949). *A sand county almanac: And sketches here and there*. Oxford University Press.
- Mandelbaum, B., & Mandelbaum, E. (2026). Id, ego, and superego. In T. Teo (Ed.), *The Palgrave encyclopedia of theoretical and philosophical psychology*. Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-3-031-70581-6_374-1
- Molotokienė, E. (2022). A philosophical analysis of the concept of sustainable development. *Regional Formation and Development Studies*, 31(2), 148–156. <https://doi.org/10.15181/rfds.v31i2.2106>
- Naess, A. (2005). The shallow and the deep, long-range ecology movement: A summary. In A. Drengson & H. Glasser (Eds.), *The selected works of Arne Naess* (Vol. 10, pp. 7–12). Springer.
- Radzi, S., et al. (2023). An overview of environmental, social and governance (ESG) and company performance. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences*. <https://doi.org/10.15405/epsbs.2023.11.90>
- Sachs, W. (2010). Resources. In W. Sachs (Ed.), *The development dictionary: A guide to knowledge as power* (2nd ed., pp. 24–32). Zed Books.
- Scott, A. J. (2001). Capitalism, cities, and the production of symbolic forms. *Transactions of the Institute of British Geographers*, 26(1), 11–23. <https://doi.org/10.1111/1475-5661.00003>
- Shiva, V. (2010). Resources. In W. Sachs (Ed.), *The development dictionary: A guide to knowledge as power* (2nd ed., pp. 228–242). Zed Books.
- Singh, D. M. K. (2021). *Jean Paul Sartre on man, society and freedom*. Rajat Publications.
- Smuts, J. C. (2006). *Holism and evolution*. MacMillan and Company. (Original work published 1926). <https://archive.org/details/holismandevoluti032439mbp>
- Dessein, J., Soini, K., Fairclough, G., & Horlings, L. (2015). Culture in, for and as sustainable development: Conclusions from the COST Action IS1007 investigating cultural sustainability. University of Jyväskylä. <https://doi.org/10.13140/RG.2.1.3380.7844>
- Throsby, D. (1995). Culture, economics and sustainability. *Journal of Cultural Economics*, 19(3), 199–206. <https://doi.org/10.1007/BF01074049>
- Throsby, D. (2012). *The economics of cultural policy*. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511845253>
- UNESCO. (2013). *Culture: A driver and an enabler of sustainable development*. UNESCO. <https://unesdoc.unesco.org/>

org/ark:/48223/pf0000226382

- World Commission on Environment and Development. (1987). Our common future. Oxford University Press. <https://www.brundtland.co.za/wp-content/uploads/2022/08/Brundtland-Report-1987-Our-Common-Future.pdf>
- Vereb, Z. (2025). Kant and environmental philosophy: The climate crisis and the imperative of sustainability. Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781009664905>
- Van Steenberg, B. (1990). Potential influence of the holistic paradigm on the social sciences. *Futures*, 22(10), 1071–1083.
- World Commission on Environment and Development (WCED). (1987). Our common future. Oxford University Press.
- Yesim, G. (2020). An insider's critique of the Kazakh people and nation: Reflections on the writings of Abai Kunanbai-uhli. Asia Research Associates.
- Inishev, I. N. (2008). Khaidegger i filosofiya yazyka [Heidegger and the philosophy of language]. *Vestnik Rossiiskogo gosudarstvennogo gumanitarnogo universiteta. Seriya «Filosofiya. Sotsiologiya. Iskusstvovedenie»*, (7). <https://cyberleninka.ru/article/n/haydegger-i-filosofiya-yazyka-1>
- Plaksina, O. (2019). Ustoichivost' obshchestva v sotsial'no-filosofskom uchenii Aristotelya [The sustainability of society in Aristotle's socio-philosophical doctrine]. *Grani*, 22(3), 62–76. <https://doi.org/10.15421/171933>
- Seisenbaev, R. (2015). Al'-Farabi. Kaiyrymdy kala [Al-Farabi. The virtuous city]. In *Alem khalyktarynyn adebiyeti. Menin 100 kitabym* [Literature of the peoples of the world. My 100 books] (p. 294). Khalykaralyk Abai Kluby. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1525062>

Қаржыландыру. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі комитетінің грантымен қаржыландырылды (грант № AP26102707).

Авторлардың үлесі.

Байсарина Ж.С. – мақала мәтінін жазу, концептуалды талдау.

Нағымжанова Қ.М. – ғылыми әдебиетке шолу, мақала мәтінін жазу.

Садыкова А.К. – мақала мәтінін жазу, редакциялау және техникалық рәсімдеу.

Мүдделер қақтығысы.

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about the authors:

Zhazira Baisarina – PhD, Assistant Professor, Astana IT University, Mangilik El avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, zh.baisarina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-5838-2190>

Жазира Байсарина – PhD, ассистент профессор, Astana IT University, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/11, 010000, Астана, Қазақстан, zh.baisarina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-5838-2190>

Жазира Байсарина - PhD, ассистент-профессор, Astana IT University, Мангилик Ел, 55/11, 010000, zh.baisarina@astanait.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-5838-2190>

Karakat Nagymzhanova – Doctor of Psychological Sciences, Professor, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev st. 2, 010008, Astana, Kazakhstan, karakat_4@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2937-5810>

Каракат Нагымжанова – психология ғылымдарының докторы, профессор, психология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан, karakat_4@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2937-5810>

Каракат Нагымжанова – доктор психологических наук, профессор кафедры психологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан, karakat_4@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2937-5810>

Aigul Sadykova – PhD, senior teacher, foreign languages department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpaev st. 2, 010008, Astana, Kazakhstan, aika.ava@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8418-0552>

Айгүл Садықова – PhD, аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан, aika.ava@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8418-0552>

Айгуль Садыкова – PhD, старший преподаватель кафедры иностранных языков, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан, aika.ava@bk.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8418-0552>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 08.02.2026

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 10.06.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.06.2026